

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТИ**

**ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛМАҒАН  
МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ № 7 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**24. 05.2023 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы – п.ғ.к, қауымдастырылған профессор Е.Б.Ауелбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, доцент С.Акназаров, АК мүшесі, академиялық персонал - Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы М.Шаханбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - Бейнелеу өнері кафедрасының п.ғ.д., профессоры Қ.Е.Ералин, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының п.ғ.д., профессоры Б.Мухамеджанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушысы Г.Д.Абдуллаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.К.Айменов, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының аға оқытушысы Р.Н.Ельжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Б.Ж.Қуанышбаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы Т.Б.Қасенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – №24 мектеп директоры С.А.Құрақбаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі - Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейі КММ директоры Ж.Ж.Азретбергенова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урумова.

**Күн тәртібінде:**

1. Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:
  - соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
  - Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
  - жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
  - сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
  - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
  - түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері.

## 2. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

### Тындалды:

**АК төрағасы Е.Ауелбеков:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыттары бойынша әр ББ өзіндік бағалауын жүргізу қарастырылып, яғни: соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері; Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері; жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері; сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері; білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері; түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін анықтау, сонымен қатар мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**АК мүшесі, Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы М.Шаханбаев:** Бірінші мәселе бойынша соңғы 3-5 жылда 6B01478-Көркем еңбек және графикалық жобалау ББ қатысқан рейтинг нәтижелеріне тоқталып, соңғы 10 жылда 19 жоғары оқу орындары ішінде 18 орыннан 15 орынға көтерілгендігі, ал соңғы 5 жылда 15 орыннан 6 орынға көтерілгендігін көрсетті. Алдағы меже алдыңғы бестікке кіру екендігін айтты. Бұл мәліметтер «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының көрсеткіштер негізіне сүйеніп жасалғанын көрсетті. Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері бойынша Қазақстандағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Түркиядағы Гази университеті, Акдениз университеттерімен серіктестік бойынша жұмыстар жасалынып, сол ЖОО-ның ББ мазмұнын сәйкестендіру жұмыстары жүргізіліп жатқандығын тілге тиек етті. Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері бойынша Түркістан қаласында орналасқан 5 жалпы орта мектеппен, 2 кәсіби-педагогикалық колледжімен, Түркістан қалалық қолөнер балалар мектебімен, Кентау қаласындағы суретшілер мектебімен жұмыс берушілер-сарапшылар ретінде тығыз байланыстар орнатылғандығын анықтап берді. Сол мекемелерден алынған сауалнамалар негізінде білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың оң нәтижелері алынғандығын айтты. БББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыру, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында алынған сауалнама нәтижесі орташа 4,8 жоғары ұпайды көрсеткендігін мәлімдеді. 6B01478-Көркем еңбек және графикалық жобалау ББ білімгерлерінің контингентін қалыптастыру нәтижелері бойынша соңғы 5 жылда тұрақты контингент қалыптасқандығы бұл ББ-ның қоғамдағы сұранысының жоғары екендігін айқындайды. ББ бойынша түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін анықтау барысында соңғы 5 жылдағы көрсеткіш орташа 87% құрағандығы көрсетілді.

**АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі доцент С.Акназаров:** аталған мәселе бойынша Дене тәрбиесі кафедрасына қарасты 6В01405-Дене шынықтыру және спорт, 6В01404-бастапқы әскери дайындық ББ-ларының көрсеткіштері көңіл қуантарлық екендігін айтып өтті. Жұмыс берушілер: Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты «Ә.Нұрмаханов атындағы облыстық резервтер дайындайтын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Түркістан қаласының дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты «№1 Түркістан қалалық балалар және жасөспірімдер спорт мектебі» КММ (коммуналдық мемлекеттік мекемесі), Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «№23 Ж.Ташенов атындағы ІТ мектеп-лицейі» ММ, Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «№24 М.Шоқай атындағы жалпы орта мектебі» ММ. Ал, серіктес ЖОО Халықаралық меймандостық және туризм университеті (Түркістан), Қазақ спорт және туризм академиясы (Алматы) екендігін айтып, өзара байланыстың жоғары деңгейде жүргізіліп жатқандығын айтты.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урумова:** Жұмыс беруші өкілі ретінде «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша ББ-ларының өзіндік бағалау жүргізу, сауалнамаға өткізу жұмыстарына қатысып, өз тарапымыздан бағалау жасаудамыз. Өзара байланыстың одан әрі дамуына тілектестік білдіріп, сапалы мамандар даярлау ісінің жарқын болашағына сенім білдіретінін білдірді.

**АК төрағасы Е.Б.Ауелбеков:** Құрметті АК мүшелері, «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Барлық ББ бойынша өзіндік бағалау жұмыстары алда да оң шешімін табады деп сенемін.

**Шешім:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағытының әр ББ бойынша өзіндік бағалау жүргізу нәтижелері қабылдансын және жандандырылсын, күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мамыр айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

**АК төрағасы,**

**п.ғ.к, қауымдастырылған профессор:**  **Е.Б.Ауелбеков**

**Хатшы, аға оқытушы:**

 **Г.Д.Абдуллаева**